ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН –
ЛИДЕРА НАЦИИ

СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

# ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ НАУКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

**VIII Международная научная конференция**

**Сборник статей**

**(часть 5)**

**Общественно-гуманитарные науки**

Алматы
Раритет
2014

УДК 001 (063)
ББК 72
И 66

**ОТВЕТСТВЕННЫЕ РЕДАКТОРЫ:**

**АБДИРАЙЫМОВА Г.С.** – Председатель Координационного Совета по делам молодежи в научной и образовательной сфере при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, доктор социологических наук, профессор, заведующая кафедрой социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

**АМИТОВ С.А.** – кандидат социологических наук, доцент кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

И 66 **Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане:** *Сб. статей Межд. Науч. Конф.* (г. Алматы, 27-28 ноября 2014 г.). – Алматы, 2014. – в 5-и томах – Каз., рус., англ.
ISBN 978-601-250-239-8

Ч. 5: Общественно-гуманитарные науки. – 244 с.
ISBN 978-601-250-244-8

В настоящий сборник вошли материалы VIII Международной научной конференции «Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане» (г. Алматы, 27-28 ноября 2014 года).

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующихся проблемами развития современного общества.

**УДК 001 (063)**
**ББК 72**

**ISBN 978-601-250-244-8**
**ISBN 978-601-250-239-8**

© «Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации», 2014
© Издательская компания «Раритет», 2014

# СОДЕРЖАНИЕ

| № | Название статьи | Стр. |
|---|---|---|
| 1. | **Абдиханова А.А.** Конформизм как социально психологическое понятие | 7 |
| 2. | **Абдихапарова Г.А., Сыргакбаева А.С.** Мораль - адамгершілік тәрбиесінің күретамыры | 11 |
| 3. | **Әбілқасымова Х.Ә., Әбдірайымова Г.С.** Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік айқындалуы | 16 |
| 4. | **Айдарбекова А.С., Амитов С.А.** Этникалық топтардағы жасөспірімдердің қазіргі қоғамға әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін факторлар | 22 |
| 5. | **Авсыдыкова Қ. Ә., Сарыбаева И.С.** Қазақстандағы оралман студенттер: көші-қон және әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелері | 26 |
| 6. | **Айтжанова Қ., Амиркулова Ж.А** Қазақстан қоғамын консалидациялаудағы ұлттық идея | 34 |
| 7. | **Алимбаева А., Булатбаева А.А.** Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігінің қарым-қатынасқа әсерін | 38 |
| 8. | **Алтайбаева А.Н., Джаамбаева Б.А.** Қазіргі білім беру жүйесі: философиялық талдау | 43 |
| 9. | **Ариппай Н.А., Әбдікерова Г.О.** Қазақстан қоғамындағы мигранттардың әлеуметтік мәселелерінің алдын алу жолдары | 47 |
| 10. | **Әтібаева А., Наурызбаева А.** Қазақстандағы еңбек миграциясының жағдайы | 51 |
| 11. | **Аязбаева А.Т.** Формирование коммуникативной компетентности студентов мигрантов | 55 |
| 12. | **Байгереева Ә.С., Шеденова Н.У.** Қазіргі қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың рөлі | 57 |
| 13. | **Баймолдина Л.О.** Мигранттардың коммуникациялық, әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесуі және аккультурациясының негізгі факторлары | 62 |
| 14. | **Бурханова Д.К.** Стиль жизни казахстанского среднего класса | 69 |
| 15. | **Джалмагамбетова С.М.** ХХ ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдердің ерекшеліктері | 75 |
| 16. | **Ескендиров Ж.А., Любаев А.В.** Бытие человека как исходное основание понимания процесса глобализации | 79 |
| 17. | **Жалғасұлы А.** Алматы қаласындағы заңсыз мигрантардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы | 83 |
| 18. | **Жұмадилова А., Тоқсанбаева Н.Қ.** Отбасындағы тәрбиенің мінез-құлық акцентуациясына әсері | 88 |
| 19. | **Жусупова А., Жаназарова З.Ж.** Мигрант отбасылар және олардың балаларымен әлеуметтік бейімделу жұмысын ұйымдастыру | 92 |
| 20. | **Қазбекова А., Кенжакимова Г.А.** Сравнительный анализ программ профилактики наркомании | 98 |

21. **Қазиева Ж.Н.** Қазақстан жаһандану жолында 103
22. **Капсамит М.А., Нурбекова Ж.А.** Основные концепции молодежной политики 107
23. **Қаражанов Н.С., Кенжакимова Г.А.** Қазіргі оқылым мәдени тәжірибе мен әлеуметтік феномен ретінде 110
24. **Косжанова С.С., Чинасилова А.М.** Әлеуметтанушылық көзқарастағы экологиялық мәдениет 117
25. **Курманжанова К.К.** Внедрение инклюзивного образования в Казахстане 121
26. **Қайырханова А. О., Садырова М.С.** Мигранттармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс түрлері 127
27. **Махмутова З.Б.** Профилактика агрессивного поведения детей-сирот в условиях детского дома 133
28. **Мейірманов А.Д.** Қожа Ахмет Ясауи мұрасының рәміздік мазмұны мен ғибраттық мәні 137
29. **Өмірбекова Ж.О., Рамазанова Ә.Х.** Көші-қон саясатын жүзеге асырудағы оралмандар мәселесі 145
30. **Омарова Ә.Т.** Халықтың қауіпті қоғам жагдайындағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуі 148
31. **Пахратдинова Б.У.** Студенттердің жоғарғы оқу орнындағы әлеуметтену процесіндегі эмоциялық құзіреттіліктердің дамуының психологиялық ерекшеліктері 151
32. **Раисов Қ.Д.** Жаһандану дәуіріндегі азаматтық қоғамның негізгі концепциялары 157
33. **Рамазанова А.Х.** Особенности социально-политического мифотворчества 162
34. **Сақтағанов Б.К.** Мигранттардың жаңа ортаға бейімделуінде көрінетін психологиялық мәселелері 166
35. **Сансызбаева А.Р., Абдирайымова Г.С.** Миграционные процессы как проблема роста детей-сирот в контексте социальной работы 169
36. **Сарыбаева И.С., Авсыдыкова Қ.А.** Еңбек миграциясының еңбек нарығын қалыптастырудағы рөлі 175
37. **Сембина Ж.Ж.** Қазақстандағы миграцияны мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру жолдары 181
38. **Әлдибай И.Қ., Султанова А.М.** Жаһандану кезеңіндегі мигрант-балалардың бейімделуі және әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктері 185
39. **Төребекова А.А., Әбдірайымова Г.С.** Мәдени капиталдың қоғамның әлеуметтік-экономикалық трансформациялануының құралы ретіндегі мазмұны 190
40. **Турманова Ж.Е.** Жасөспірімдер мен жастарға әлеуметтік қызмет көрсететін орталықтар мен мекемелердің құрылымдық жүйесі 195
41. **Уразбаева Б.К., Асқар Л.А.** Әбу Насыр Әл Фарабидің өміржолының жаңа тұстары: философиялық көзқарас 199





42. **Чинасилова А.М., Дүйсенова С.М. ҚАРТ** Адамдардың өзі-өзі белсендендірудің теоретикалық аспектілері 205
43. **Шалқар С., Чарлиз Д., Қайратова І.** Қазақстан Республикасындағы ішкі және сыртқы миграцияның тұрғылықты халыққа психологиялық әсері 210
44. **Шнарбекова М.К., Әбдірайымова Г.С.** Білім мен кәсіби траекторияны таңдаудың шынайы бастаулары 214
45. **Шүкірбек С., Құранбек А.А.** Әл-Фараби дүниетанымының қалыптасу бастаулары 219
46. **Moldashbayeva A. D.** Positive thinking as a psychotherapeutic treatment for cancer patients 224
47. **Tileubayeva M.** Poets'creative writing in psychology 229
48. **Мингазов Р. Я.** К вопросу о взрывной отбойке при освоении подземных рудных и открытых пластовых месторождений полезных ископаемых 235
49. **Алибаева А.** Современные аспекты приватизации в Казахстане 243

*Омарова Ә.Т.*
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, PhD докторант*

# ХАЛЫҚТЫҢ ҚАУІПТІ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗІН-ӨЗІ СЕЗІНУІ

Халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі қазіргі қоғамда қауіп-қатердің, әлеуметтік қысымның, қақтығыстар және қоғамдық қауіпсіздік қатерлерінің күсімен ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Қоғамдық прогрестің гуманитарлық критерийі ретінде тұлғаның еркін және жан-жақты дамуындағы қажеттіліктер мен қызығушылықтарына қалыптасқан әлеуметтік қатынастардың сәйкестілік деңгейі қарастырылады. Бұл әлеуметтік өзін-өзі сезінуде индивидтердің қоршаған шынайылыққа және ондағы өзінің орнына бағалық қатынасынан көрінеді.

Қазіргі қоғамдағы соңғы онжылдықтарда жүріп жатқан әлеуметтік трансформациялар өмірлік іс-әрекеттерді және әлеуметтік кеңістіктерді көп өзгертті және рухани және әлеуметтік қауіпсіздікке қатерлер факторы ерекше назарға алынуда. Бұл мынадай өмірлік маңызды параметрлерден көрінеді: жалпы халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуінің және әлеуметтік денсаулығының нашарлауы, қоғамдағы аурулардың саны мен мәнінің өсуі, экстремизмнің көбеюі, рухани-адамгершілік қасиеттердің трансформациялануы.

Н.П. Медведев көрсеткендей, әлеуметтік өзін-өзі сезіну тұлғаның белгілі бір құндылыққа ие нақты оқиғалар мен фактілерге реакциялар жиынтығын білдіреді және қандай да бір тұрақты жағдай ретінде қарастырылуы мүмкін. Әлеуметтік өзін-өзі сезіну тұлға әсер ететін әлеуметтік шынайылықтың жағымды және теріс аспектілерін салыстыра және таразылау нәтижесінде қалыптасады [1].

Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің детерминациялық рөлі келесі кезеңдерде көрінеді. Біріншіден, ол халық үшін өзекті болып табылатын қажеттіліктердің мазмұнын анықтайды. Соған орай, халықтың қажеттілік мазмұнын да, халықтың бір тобының мінез-құлқы мен қажеттіліктерінің басқа топқа әсерін анықтайтын негізгі факторлар анықталады.

Адамның әлеуметтік өзін-өзі сезіну конструктивті қарастыру тұтас қалыптасқан эмоционалды ерекше қалып күйінде, яғни адамның орын алып отырған жағдайды қабылдау мен бағалай алу қасиетін көрсетеді.

Мұндай көрсеткіштер қатарына біздің пікірімізше, ертеңгі күнінен сенімділікпен және өмірге толық қанағаттана білуі;

- әлеуметтік дискомфортты жеке уайымдау деңгейінің бағасы, яғни өмірдің бірқалыпта тұрмауы;
- қалыптасқан мінез-құлықтың өмірлік стратегиясын бейнелейтін эмоционалдық-динамикалық мінездеме жатады.



Адамның толықтай әлеуметтік өзін-өзі сезіну көрсеткіштеріне назар аудара отырып, адамның бір уақытта социумның бірнеше кезеңдерінің субъектісі болатынын айтуымыз керек.

Қазіргі кезеңде көбірек қолдануға ие болы жүрген Н.И.Лапина мен Л.А.Беляеваның әдістемесі бойынша әлеуметтік өзін-өзі сезіну үш негізгі құраушылардың көмегімен өлшенеді: 10 әлеуметтік қауіптен қорғалу деңгейі, жалпы өзінің өміріне толық қанағаттану деңгейі және әлеуметтік оптимизм деңгейі (өмір сүру деңгейін өткен жылмен салыстыру, болашақтан күту, болашаққа сеніммен қарау) [2].

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну сезімтал көрсеткіш, ол тек индивидуалды өмірлік тонусты ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы жеке орнын, сонымен бірге, индивид өмір сүретін социумның жағдайын қабылдауын көрсетеді. Сол себептен де оның базалық эмпирикалық индикаторы болып келесілер алынады: индивидтің өзіне қатынасында – көңіл-күйін, эмоционалды жағдайын, өмірлік қанағаттану және материалдық әл-ауқатын өзіндік бағалау; қоғамға қарым-қатынасында – еліміздегі экономикалық потенциалдың және саяси ахуал бағалау [3].

Сондықтан да, әлеуметтік өзін-өзі сезіну социумның өмірлік қанағатануының және болашаққа деген сенімділіктің интегралды көрсеткіші ретінде, аумақтағы және еліміздегі әлеуметтік тұрақтылықтың жағдайының индикаторы ретінде қатыса отырып, индивидтің, топтың, социумның жалпы кешенді ішкі жағдайын сипаттайды. Оны қазіргі қоғамда әр түрлі әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік зерттеулер арқылы қарастыру, индивидтің тек эмоционаалды-іскерлік жағдайын ғана емес, жеке топтардың, жалпы ел халқының жағдайын зерделеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну қоғамдық өмірдің барлық саласынан көрінеді, ол әлеуметтік денсаулықтың құраушысы болып табылады, физикалық және психикалық игілікпен ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани-адамгершілік деңсаулық жағдайымен қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік өзін-өзі сезіну индивидтің әлеуметтік денсаулығының субъективті жағын сипаттайды және адамдардың өздерінің жағдайын қабылдауы мен бағалауы деңгейін бейнелейді. Әлеуметтік өзін-өзі сезінудің тиімді деңгейі үшін өзінің толық қауіпсіздігін, өзінің статусына және әлеуметтік қамтамасыз етілуіне қанағаттануын сезіну тән [3].

Индивидтің әлеуметтік өзін-өзі сезінуі ең алдымен, оның қоғамдағы жағдайымен және игіліктерді алуының қандай да бір жолдарын қамтамасыз ететін қоғамдық шарттармен анықталады. Қазіргі қатерге толы қоғамдық жағдай индивидтердің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық және рухани ресурстар мен мүмкіндіктерді шектеуге әкелді. Қазіргі адамдардың қажеттіліктер және әлеуметтік қайта құрылымдауға қанағаттану деңгейіне реакция индикаторы болып әлеуметтік өзін-өзі сезіну табылады, ол қоғамның қауіпті және трансформациялануы жағдайында біртекті емес.

Егер ғалымдардың қауіп-қатерді зерттеудегі жұмыстарына сүйенетін болсақ, қазіргі қоғам барлық параметрлері бойынша, қатерлі қоғамға жатады. С. Ковалева қауіптің болу фазасын талдай келе, оның мазмұнын ашатын белгілер бойынша оның үш типін бөліп көрсетеді: табиғи, өркениетті және жаһандық қауіп. Әрбір типтің сипаттамасы адамның табиғатпен өзара қатынасы қаупін, техникалық құралдарды адам іс-әрекетінде қолдану қаупі және қоғам мен мемлекеттің өзара қатынасындағы қауіпті енгізеді [4]. Я.Д. Вишняков пен Н.Н. Радаев қазіргі қоғамдағы үстемдікке ие қауіп ретінде терроризм сияқты әлеуметтік құбылыс табылады деп көрсетеді. «Іскерлік қоршаған орта тұрақсыздыққа ие, оның негізгі параметрлері болжау горизонты тарылып келеді. Бұл келесі процестермен байланысты: әлемдік экономиканың жаһандануы, әлемдік нарықтың қалыптасуы бәсекеге қабілетті қатысушылардың санының өсуіне, бұл өз кезегінде іс-әрекеттер нәтижесінің анықсыздығы факторының өсуіне әкеледі...» [5, 18б.].

Жалпы қауіп шынайылық пен мүмкіндік арасындағы дихотомияға негізделетін дағдарыс және анықсыздық кезінде пайда болады. Белгілі рисколог О.Н. Яницкийдің пікірі бойынша қоғамдағы қауіптіліктің негізгі көрсеткіштері игілікті өндіру, денсаулыққа қауіп (қатерлер, жарылыстар, тқтенше жағдайлар), адамгершіліктің азаюы немесе жойылуы, жағдайдың төмендеуі және т.б. сияқты құраушыларды талдауға негізделеді.

Әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей, қатерлер кездейсоқ туындамайды. Көп жағдайда оларға кейбір оқиғалар, құбылыстар, процестер әсер етеді, оларды қауіптер факторларының жинақталуы деп атайды. Осындай қатерлер белгілерін анықтау, оларды талдау және оған негізгі қауіп ықтималдылығын болжау, оның пайда болу мерзімі, шығын көлемі және т.б. жобалау маңызды шаралар болып саналады.

Қазіргі уақытта қауіпті анықтаудың төрт әдістемелік амалын бөліп көрсетеді.

• *инженерлік,* статистикаға, жиілік есебіне, қауіпсіздіктің ықтималдылығына, «қауіптер ағашының» құрастырылуына негізделеді;

• *моделді,* жеке адамға, әлеуметтік, кәсіби топқа, және т.б. залалды факторлардың әсер ету моделіне бағытталады;

• *экспертті,* оқиғалардың ықтималдылығы тәжірибелік мамандардың яғни, эксперттердің сауалнамасымен анықталады;

• *социологиялық,* халықтан сауалнама алуға негізделеді [6].

Сондықтан да, халықтың қауіптерді бағалауы мен сол жағдайдағы өзін-өзі сезінуінің негізгі индикаторларын анықтау маңызды мәселелердің қатарында болып табылады.

Қазіргі кезеңде адамдар қоғамдық қатынастың субъектісі мен объектісі бола отырып, индивидуализм мен эгоизмнің үстемдік еткен ортада үрей сезімінде болады, себебі, әлеуметтік қауіптермен қоса, қоғамда әртүрлі табиғи, өркениеттік қауіптердің де үлесі жоғары.

Халықтың қазіргі қоғамдағы қауіпке толы жағдайдағы әлеуметтік өзін-өзі сезінуін талдауда маңызды орынды олардың өмірлік жағдайы мен



қоғамдағы орнын сипаттайтын интеграциялық сипаттамасы алады. Олардың әлеуметтік және кәсіби интеграциясына, әлеуметтік тұрақтылығына өзінің өмірлік жағдайы мен өмірлік стратегияларының жүзеге асуына қанағаттану немесе қанағаттанбау деңгейі әсер етеді.

Қазіргі қауіпке толы, дағдарысты-реформаланушы қоғамда адамдар әртүрлі институционалды инновациялар мен трансформациялардың салдарын басынан кешіруде, соның негізінде олардың әлеуметтік өзін-өзі сезінуі де трансформациялануда. Халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін зерттеп отыру әлеуметтік әл-ауқаттың, өмірлік жайлылықтың және әлеуметтік қауіпсіздіктің критерийі болып саналатын құндылықтардың трансформациялану процесінің динамикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезінуін жақсарту мемлекет үшін алғашқы міндеттердің бірі болуы керек, бұл мемлекеттік басқару деңгейінде әлеуметтік саясаттың белсенді және эффективті жүргізілуін білдіреді.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Медведев Н.П. Социальное самочувствие личности: вопросы содержания, измерения и оценки / в сб. «Социальное самочувствие населения в современной России». Тезисы Всероссийской научно-практической конференции. – Ростов-на-Дону, 2010. – С. 134-137.
2. Лапин Н.И., Беляева Л.А Программа и типовой инструментарий «Социокультурный портрет региона России» (Модификация 2010); Рос. акад. наук, Ин-т философии. М.: ИФРАН, 2010. 135с.
3. Асланова О.А. Социальное самочувствие: измерительный инструментарий, показатели и социальные критерии \\ Теория и практика общественного развития. – 2012. – №2. – С. 59-63.
4. Ковалева М.С. Эволюция понятия «риск» // Социологическое обозрение. – Т. 2. – № 1. – 2002.
5. Вишняков Я.Д., Радаев Н.Н. Общая теория рисков. – М., 2007.
6. Экономические механизмы управления рисками чрезвычайных ситуаций / МЧС России. — М.: ИПП «Куна», 2004. – 312 с.

***Пахратдинова Б.У.***
***Жалпы және этникалық психология кафедрасының 2 курс магистранты***

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭМОЦИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Соңғы он жылдықта құзіреттілік подход жоғарғы кәсіби білім беруде жаңа парадигма болып табылады. В.И. Байденко, В.А. Болотов, В.В. Сериков, Дж. Равен, В. Хутмахер, А.В. Хуртовский, В.Д. Шадриковтің еңбектерінде кәсіби құзіреттілік кәсіби жүйе және тұлғалық ерекшеліктер білім, дағдылар ретінде қарастырылады, яғни экономика тез ауысатын жағдайда Жоғарғы Оқу орнындағы студенттердің кәсіби іс-әрекеті сәтті іске асу үшін.